



Елді мекендегі салық салу объектісінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін бекіту туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 28 мамырдағы № 92 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 31 мамырда № 5221 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 234 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы әкімдігінің 29.12.2020 № 234 қаулысымен (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексі және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңын басшылыққа ала отырып, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған елді мекендегі салық салу объектісінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері бекітілсін.

2. Жәнібек ауданы әкімі аппаратының басшысы (А.Молдағалиев) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ж.Абдоловқа жүктелсін.

4. Осы қаулы 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А.Сафималиев

Аудан әкімдігінің
2018 жылғы 28 мамырдағы
№ 92 қаулысымен бекітілген

Елді мекендегі салық салу объектісінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері

№	Елді мекендегі салық салу объектісінің орналасқан жері	Аймақ коэффициенті
	Жәнібек ауданы	
	Жәнібек ауылдық округі	
1.	Жәнібек ауылы	2,3
	Акоба ауылдық округі	

2.	Ақоба ауылы	2,21
Борсы ауылдық округі		
3.	Борсы ауылы	2,29
4.	Тегісшіл ауылы	2,01
Жаксыбай ауылдық округі		
5.	Жаксыбай ауылы	2,29
6.	Ақадыр ауылы	1,6
Күйгенкөл ауылдық округі		
7.	Жаскайрат ауылы	2,29
8.	Қолтабан ауылы	1,89
9.	Құрсай ауылы	1,9
10.	Өнеге ауылы	1,92
Қамысты ауылдық округі		
11.	Қамысты ауылы	2,29
Талов ауылдық округі		
12.	Талов ауылы	2,28
13.	Майтүбек ауылы	1,63
Тау ауылдық округі		
14.	Тау ауылы	2,29
15.	Жігер ауылы	1,63
16.	И.Жұмаев ауылы	1,79
Ұзынкөл ауылдық округі		
17.	Ұзынкөл ауылы	2,29
18.	Еңбекші ауылы	1,9